

ҚОСШЫДАҒЫ ҚОНЫС ТОЙ

ҚАЛАДА МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА СОҢҒЫ БІР ЖЫЛДА 180 ЖАҢА ПӘТЕР БЕРІЛДІ

БӘРЕКЕЛДІ!



Еліміздің ең жас қалаларының бірі Қосшыда ерекше қуанарлық оқиға орын алды. Сенбі күні Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов 93 отбасына жаңа пәтердің кілтін табыс етті. Қуаныштан көз жасына ерік берген жандардың арасында көпбалалы аналар, 1 және 2-топтағы мүгедектер, жетім балалар, балаларын тәрбиелеп отырған жалғызбасты ата-аналар мен толық емес отбасылар бар.

Бұл пәтерлер Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында сатып алынды. Жаңа үйлер Қосшы қаласының болашағы зор ауданында әлеуметтік нысандар мен қажетті инфрақұрылымға жақын жерде орналасқан.

Аймақ басшысы Марат Ахметжанов тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттік органдар қызметінің маңызды бағыты екенін атап өтті. Ол сондай-ақ Президенттің әлеуметтік жобаларды іске асыруға ерекше көңіл бөлетінін және тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жұмыстарды жалғас-

тырып жатқанын айта кетті. Соңғы жылдары Ақмола облысында тұрғын үй құрылысына 200 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылып, 2 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. Нәтижесінде 12 мыңға жуық ақмолалық отбасы баспана мәселесін шешті. Биыл 2 мыңға жуық пәтерді түрлі санаттағы азаматтарға беру жоспарлануда.

Сонымен қатар, былтырдан бері тұрғын үй мәселесін шешуге жаңа ереже енгізіліп, әлеуметтік жағынан осал азаматтар үшін баспана сатып алуға республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. Қосшы қаласында осы бағытта 180 жаңа пәтер берілді. Баспанаға қоныстанғандардың бірі – бес баланың

анасы Күлшат Тоқпетева. Ол өз отбасы үшін осындай мүмкіндіктің берілуіне алғыс айтты және пәтердің жаңа әрі жайлы екенін атап өтті.

Бұл шара облыстағы 2,5 мыңға жуық отбасының тұрғын үй жағдайын жақсартуға ықпал етті. Оның ішінде 1,5 мың үй салынды және 850 пәтер сатып алынды. Нәтижесінде Ақмола облысында 661 мың шаршы метр баспана бой көтерген. Бұл – облыстың тұрғын үй құрылысының маңызды нәтижесі. Соның арқасында 6,3 мың ақмолалық тұрғын жаңа әрі жайлы пәтерлерге қол жеткізді.

Дәулет АСАУ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ КҮШТІ

Қосшы қаласында 350 орындық жаңа көпбейінді облыстық аурухананың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Емдеу мекемесі Қосшы мен елорда маңындағы жеті өңірдің тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетеді.

Аурухананың құрылысы – Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан жоба. Ол тек Қосшы қаласының тұрғындары үшін ғана емес, сонымен қатар елордаға жақын өңірлердің халқы үшін де қажетті медициналық көмек көрсетуге бағытталған. Жаңа аурухана емдеу мекемесінің толық функционалды жұмыс істеуі үшін түрлі бөлімдермен жабдықталатын болады. Атап айтқанда, ауруханада хирургия, травматология, кардиохирургия, нейрохирургия, онкология және химиотерапия бөлімшелері ашылмақ. Емдеу мекемесі ауысымына 1000 адам қабылдай алатын деңгейде жобаланған. Бұл дегеніміз, аурухана тек стационарлық емдеу ғана емес, амбулаторлық қызмет

көрсетуді де кеңінен жүзеге асыратын болады.

Құрылыс «Viamedis» компаниясының жеке инвестициялары есебінен салынып жатыр. Жобаның жалпы құны 28 миллиард теңгеден асады. Оның 17 миллиард теңгесі құрылыс жұмыстарын жүргізуге, ал 9 миллиард теңгеден астамы аурухананы заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуге жұмсалады.

Аурухана құрылыс жұмыстары екі негізгі бөлікке бөлінген: емхана және стационар. «Viamedis» ЖШС-нің бас директоры Әсет Ахметов құрылыс жұмыстарының жоспарланған мерзімнен ерте аяқталатынын мәлімдеді.

«Стационардың құрылысын аяқтау 2026 жылдың үшінші тоқ-



санына жоспарланған. Бірақ қазір біз жоспарланған мерзімнен озып келеміз. Сондықтан стационарды мерзімінен ашуды жоспарлап отырмыз. Құрылыс материалдарын негізінен жергілікті өндірушілерден аламыз», – деді «Viamedis» ЖШС-нің бас директоры Әсет Ахметов.

Серіктестік басшысы жаңа емдеу мекемесінің сапалы әрі жауапкершілікпен салынуы қажет екенін атап өтті. Соған сай барлық жұмыстар ең жоғары стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуда. Құрылыс

жұмыстарына қазіргі таңда 200 адам тартылған.

Айта кетейік, 2024 жылдың маусым айында Ақмола облысы әкімдігі мен «Viamedis» компаниясы арасында жаңа аурухана мен емхана салу туралы меморандумға қол қойылған болатын. Жаңа аурухана өңірдің медициналық инфрақұрылымын нығайтып, мыңдаған адамның өмірін сақтауға көмектеседі.

Асылжан КҮНТУҒАН



ӘКІМ ҚАБЫЛДАУЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ТҮЙТКІЛДЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сәрсенбі күні Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Әкімнің қабылдауында тұрғындар тарапынан көптеген мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, көше жарықтары; жол жөндеу жұмыстары; қала ішін қардан тазарту және тағы басқа түйткілдерге қатысты сауалдар қойылды.

Қала халқының саны жедел артуына байланысты түрлі тұрмыстық қиыншылықтардың туындауы, әсіресе инженерлік құрылымдарға шамадан тыс күш түскені белгілі. Осыған орай 2023 жылы облыстық бюджеттен Қосшы қаласын электрмен жабдықтау бойынша жобалау - сметалық құжат жасалған болатын. Осы және басқа да көтерілген әрбір мәселе бойынша А.Қапышев жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

БАСПАСӨЗ – 2025

ГАЗЕТКЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Баспасөзге жазылу науқаны жалғасуда! Тоқтамаңыз!

«Jańa Bastau» газеті – өмірге жаңа көзқарас, жаңа идеялар мен тың бастамалар алаңы. Егер сіз өзіңізді заманауи ақпараттан тыс қалдырғыңыз келмесе, әр айдың 10-на дейін жазылып үлгеріңіз! Осылайша, келесі айдан бастап сүйікті газетіңізді тікелей қолыңызға ала аласыз.

Бізбен бірге:

Жаңалықтарға жылдам көз жүгіртіңіз.

Сараптамалық мақалалар мен арнайы зерттеулерден хабардар болыңыз.

Танымдық айдарлар арқылы ой-өрісіңізді кеңейтіңіз.

Жазылу жеңіл әрі жылдам!

Жазылу үшін жақын жердегі пошта бөлімшесіне барыңыз немесе онлайн жазылу мүмкіндігін пайдаланыңыз.

«Jańa Bastau» – жаңашылдыққа бетбұрыс жасағандар үшін!

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газеті



Kасpi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Құрметті Канат Есембекұлы!

ҚҰТТЫҚТАУ!

Осы таңда адамның өмір жолының асқар биігі – алпыстың шыңына шығып отырған сізді мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Көпшілік сізді мемлекетіміздің қайраткері, ғұмырын Қазақстан болашағына арнаған зиялы азамат ретінде таниды.

Өмір жолында еңбексүйгіштікпен, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде ел игілігіне бөленіп келесіз. Осы қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас.

Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін! Шығар шыңдарыңыз



әрқашанда биік болғай! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді ордалы отағасының жасы деп аталатын асқаралы Алатау – 60 жастың белесіне алып жетуімен шын жүректен құттықтаймыз!

Р.Қошқарбай атындағы №1 ОМ педагогикалық ұжымы

Өңір дамуы

КӨГІЛДІР ОТЫН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ



Ақмола облысында газдандыру жобасы кең ауқымда жүзеге асырылып жатыр. Бұл өңір тұрғындары үшін маңызды әлеуметтік-экономикалық шара болып табылады. Жоба аясында биыл 1 195 шақырым газ құбыры салынып, оның көп бөлігі Қосшы қаласын қамтыйтын болды.

Газ құбырларының тартылуы экологиялық таза көгілдір отынмен қамтамасыз ету арқылы тұрғындардың тұрмыс сапасын айтарлықтай жақсартуды мақсат етеді. Қосшы қаласы үшін бұл жоба ерекше маңызға ие, себебі жыл соңына дейін қалаға көгілдір отын беріледі деп күтілуде. Газдандыру жобасы тек тұрмыстық жағдайды жақсартуға ғана емес, сонымен бірге өңірдің экологиялық ахуалын да жақсартуға үлкен үлес қосады. Бұл шараның нәтижесінде қала тұрғындары

экологиялық таза және тиімді энергия көзіне қол жеткізіп, жылу жүйесі мен тұрмыстық қажеттіліктерді пайдалануда айтарлықтай жеңілдік пен тиімділік сезінеді. Сонымен қатар, көгілдір отынның пайдаланылуы қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға, ауа сапасының жақсаруына және тұрғындардың денсаулығына оң әсер етеді.

Әлихан Қуатбеков,
Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы

ЖАС КЕЛЕ – ІСКЕ!

КҮН САЙЫН 2000 ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРЫЛАДЫ

Қосшы қаласында биыл да қар қалың түсті. Осыған орай коммуналдық қызметтер қар тазалау жұмыстарын күн-түн демей екі ауысымда үздіксіз жалғастырып жатыр.

Жалпы, қар тазалау жұмыстары 14 қарашадан басталып, қазіргі күнге дейін 65 000 текше метр қар шығарылды. Сонымен қатар Тайтөбе ауылында жолдарды қардан тазарту және кеңейту шаралары күн сайын үздіксіз жүргізілуде. Айта кетейік, күн сайын 2000 текше метр қар жиналып, ол арнайы полигонға шығарылып жатыр.

Бұл жұмыстарды «Астана СпецТехНС КЗ» және «Элит Строй Комплект» компаниялары атқаруда. Ең әуелі орталық көшелерді,

әлеуметтік маңызы бар нысандарды, жаяу жүргіншілер жолдары мен көпқабатты үйлердің аумағын қардан тазартылуға назар аударылады.

Қар тазалау ісіне қоғамдық ұйымдар да белсене қатысуда. Өткен аптада «Қосшы жастары» ұйымы «Ардагерлерді ардақтау – жастардың бір парызы!» ұраны аясында «Қар десанты» акциясы арқылы қаламыздың қарт тұрғындарының ауласын қардан тазартуға көмек көрсеткенін де айта кеткен жөн.

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

«АМАНАТ»

партиясының қоғамдық қабылдауы өңірлерге сапарға шықты

Кеше Қосшы қаласында «АМАНАТ» партиясының Ақмола облыстық филиалының мобильді қоғамдық қабылдау бөлмесінің өңірлерге, оның ішінде шалғай ауылдарға шығуы шеңберінде азаматтарды қабылдауы өтті.



Партиялықтар Ақмола облысы Қосшы қаласында және Тайтөбе ауылында тұрғындарының шағымдарын тыңдады. Қабылдауға «АМАНАТ» партиясы Ақмола облыстық филиалы қоғамдық қабылдау бөлмесінің меңгерушісі Дархан Канафин, облыстық филиалдың Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Асқар Әміржанов, облыстық мәслихаттың депутаты Айдын Төребаев, қала мәслихатының төрағасы Әлихан Қуатбеков, партия филиалының атқарушы хатшысы Рақымжан Сейдахметов, қала адвокаты Дана Баймағамбетова және аудандық мәслихат депутаттары, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері қатысты.

Қабылдау барысында 20-ға жуық адам өтініш білдірді. Мысалы, Қосшы қаласының тұрғындары «Лесная Поляна» шағын

ауданында автотұрақ салу, білім саласының жас қызметкерлеріне тұрғын үй беру, ШҚО-да шаруа қожалығын заңдастыру және т.б. мәселелері бойынша өтініш білдірді.

Әрі қарай мобильді топ өкілдері Тайтөбе ауылының тұрғындарын қабылдады. Ауыл азаматтары зейнетақы төлеу, жер, су, дәріхана ашу, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша несие алу, қаңғыбас мысық-иттерді аулау, баспана мәселелерін көтерді.

Азаматтардың барлық өтініштері мұқият тыңдалып, бақылауға алынды және одан әрі шешу үшін тиісті мемлекеттік органдарға жіберілді.

Рақымжан Сейдахметов,
«АМАНАТ» партиясы Қосшы қалалық филиалының атқарушы хатшысы

ТАЗА ҚАЛА

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі «TazaQazBot» телеграм-чат-ботын әзірлеп, пайдалануға берді. Платформа азаматтарға Республика қалаларындағы экологиялық ахуал мен өмір сапасын жақсартуға белсенді қатысуға шақырады.

«TazaQazBot»

телеграм-чат-боты пайдалануға берілді

Өтініш беру алгоритмі үш рет басу арқылы жүзеге асырылады: проблемалық орынды суретке түсіру, орынды көрсету және мәселенің сипаттамасы. Өтінім жергілікті атқарушы органның операторына келіп түседі, ол оны жіктейді және орындаушыны тағайындайды.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болуы және жауапты орындаушыларды анықтау үшін барлық мәселелер 21 санатқа бөлінеді: саябақтар мен аллеяларды жинау, жолдарды жинау, аумақты тазалау, жарықтандыру, көшелерді абаттандыру, құрылыс қоқыстарын шығару, тұрмыстық қоқыстарды шығару, аула аландарының, кіреберістердің санитарлық жағдайы, ғимараттардың қасбеттері, ашық люктер, көгалдандыру, су айдындарын тазарту, санитарлық шаруашылық субъек-



тілерінің іргелес аумақтарының жай-күйі, жолдарды жөндеу және әртүрлі бағыттар бар.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі жанындағы «Қосшы қаласының мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазына-

лық кәсіпорны өзінің «Тайтөбе ауылдық клубы» филиалының, БСН 240141011499, есептік тіркеуден шығаратынын хабарлайды.

ТАРИФ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТЕРІНІҢ ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

1015-нөмірі 10 қаңтардағы

Кокшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 4-КК

город Кокшетау

Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге сараланған тарифтерді, тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 10), 12) тармақшаларына және 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру Қағидасының 303-тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге сараланған тарифтер;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтердің тарифі мен тарифтік смета.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағы 2023 жылғы 1 қазаннан 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге қолданысқа енгізіле отырып, «Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына оңайлатылған тәртіппен жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге сараланған тарифтерді, тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы» "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" РММ 2023 жылғы 25 тамыздағы №111-НҚ бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі (А.Хасенова) осы бұйрықты

0002465

2

Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4.«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 6-тармағын орындау үшін Қосшы қаласы әкімдігі жанындағы «Қосшы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Ақмола облысы бойынша департаменті басшы орынбасарының міндетін атқарушы А. Шевченкоға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

А. Куандықұлы

ТМС атауы: Қосшы ШЖК МКК

Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге сараланған тарифтер

№ р/с	Тұтынушылар топтары	Өлшем бірлігі	Уәкілетті орган бекітті
1	Жеке тұлғалар	тенге/Гкал	5903,67
1.1.	есептеу аспаптары жоқ	тенге/Гкал	5903,67
2	Бюджеттік ұйымдар	тенге/Гкал	9568,45
2.1.	есептеу аспаптары жоқ	тенге/Гкал	9568,45
3	Басқа заңды тұлғалар	тенге/Гкал	9568,45
3.1.	есептеу аспаптары жоқ	тенге/Гкал	9568,45
Орташа босату тарифі		тенге/Гкал	6742,93

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТЕРІНІҢ ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

1015-нөмірі 10 қаңтардағы

Кокшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 4-ОД

город Кокшетау

Об утверждении дифференцированных тарифов, тарифа и тарифной сметы на регулируемые услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы

В соответствии с подпунктами 10), 12) статьи 8 и подпунктом 4) пункта 1 статьи 20 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», пунктом 3 статьи 65 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» и пунктом 303 Правил формирования тарифов, утвержденных Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы, с вводом в действие с 1 февраля 2025 года:

1) дифференцированные тарифы на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, согласно приложению 1 к настоящему приказу;

2) тариф и тарифную смету на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, согласно приложению 2 к настоящему приказу.

2. С введением в действие пункта 1 настоящего приказа считать утратившим силу приказ РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области» №111-ОД от 25 августа 2023 года «Об утверждении дифференцированных тарифов, тарифа и тарифной сметы на регулируемые услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией в упрощенном порядке государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы на период с 1 октября 2023 года по 30 сентября 2024 года».

3. Отделу регулирования естественных монополий и цен (А. Хасенова) Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по

0002464

2

Акмолинской области довести настоящий приказ до сведения государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы.

4. Государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Косшы Су» при акимате города Косшы во исполнение пункта 6 статьи 20 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», довести до сведения потребителей о введении тарифа не позднее, чем за пять календарных дней до введения их в действие.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на исполняющего обязанности заместителя руководителя Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области А. Шевченко.

6. Настоящий приказ вступает в силу с момента его подписания.

Руководитель

А. Куандықұлы

Наименование СЕМ: ГКП на ПХВ "Косшы Су"

Дифференцированные тарифы на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией

№ п/п	Группы потребителей	Единица измерения	Утверждено уполномоченным органом
1	Физические лица	тенге/Гкал	5903,67
1.1.	без приборов учета	тенге/Гкал	5903,67
2	Бюджетные организации	тенге/Гкал	9568,45
2.1.	без приборов учета	тенге/Гкал	9568,45
3	Прочие юридические лица	тенге/Гкал	9568,45
3.1.	без приборов учета	тенге/Гкал	9568,45
Среднеотпускной тариф		тенге/Гкал	6742,93

БІЛІМДІГЕ ДҮНИЕ ЖАРЫҚ

КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ХАБЫНА АЙНАЛУҒА ҰМТЫЛАДЫ

ОҚУ ОРЫНДАРЫ

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті қазіргі уақытта халықаралық білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер мен инновацияларды енгізуге баса назар аударып отыр. 2024 жылдың қараша айында университет «Easy Choice» компаниясымен келісім жасады. Бұл келісім шетелде тәжірибеден өтуге мүмкіндік беретін «Туризм» білім беру бағдарламасының студенттері үшін маңызды қадам.

Қазақстанның жоғары білім жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін университеттің дипломы 48 елде мойындалады, ал білім беру жүйесі Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлесімді. Бұл стандарттар Көкшетау университеттеріне шетелдік студенттерді тартуға және оларға жоғары деңгейде білім алуға мүмкіндік береді. Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті де осы бағытта жұмыстарын жалғастырып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен Орталық Азия білім беру хабын құруға белсенді қатысып келеді. Университеттің негізгі мақсаты – халықаралық студенттерді тарту, озық технологиялар мен инновацияларды дамыту, сондай-ақ оқу үдерісіне халықаралық тәжірибені енгізу арқылы әлемдік академиялық қоғамдастықпен байланысын нығайту.

2024 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы университетте 16 елден 399 студент білім алуда, оның ішінде Үндістан, Пәкістан, Қытай, Германия және басқа да елдердің студенттері бар. Университет шетелдік студенттер үшін бірнеше тілде дайындық курстарын ұсынып, олардың Қазақстанда табысты білім алуына қолдау көрсетеді.

Университеттер халықаралық серіктестіктерді дамытуда да маңызды қадамдар

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі халықаралық деңгейде дамып келеді. Осы бағытта Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті мен Шоқан Уәлиханов атындағы университет белсенді жұмыс істеп, Орталық Азияның жетекші білім беру хабына айналуға ұмтылып отыр. Бұл университеттер жаңа білім беру мүмкіндіктерін енгізіп, шетелдік студенттерді тарту арқылы Қазақстанды халықаралық білім беру картасында алдыңғы қатарға шығаруды көздейді.



жасап келеді. Шоқан Уәлиханов атындағы университет Ноттингем университеті (Ұлыбритания), Пенсильвания мемлекеттік университеті (АҚШ), Silk Road халықаралық университеті (Өзбекстан) сынды жетекші

әлемдік оқу орындарымен келісімдер жасады. Бұл серіктестіктер студенттерге әлемдік деңгейдегі білім алуға мүмкіндік беріп, оқу үдерісінде инновациялық технологияларды енгізуге ықпал етеді.

Халықаралық серіктестіктер университеттің білім беру жүйесінің тартымдылығын арттырып, Қазақстанның білім беру картасындағы орнын нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шетелдік профессорларды шақырып, жасанды интеллект және цифрлық трансформация курстары енгізілген. Бұл оқу бағдарламалары студенттерді жаңа технологияларға бейімдеп, оларды болашақта ғаламдық нарықта бәсекеге қабілетті етуге бағытталған.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде стратегиялық бағыттардың бірі – инновациялар мен цифрлық трансформация. 2024 жылғы Президент Жолдауында ғылым мен жоғары білім беруді дамыту, ұлттық мүдделердің мызғымастығын сақтау, сондай-ақ үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту жөнінде айтылған болатын. Бұл міндеттер Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті мен Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің жұмысында айқын көрініс табады. Осы университеттер ғылым мен инновацияны дамытуға ерекше көңіл бөліп, жас ғалымдар мен зерттеушілерді қолдауға бағытталған түрлі бағдарламаларды іске асыруда.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейде дамытудың маңызды бағыттарының бірі – университеттер арасындағы серіктестікті күшейту мен инновациялық шешімдер енгізу. Көкшетау университеттері осы міндеттерді жүзеге асыру арқылы Орталық Азиядағы білім беру хабына айналу жолында маңызды қадамдар жасап келеді.

Д.Айтбаев,

Ақмола облысы әкімінің орынбасары

МОНИТОРИНГ

МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫ
ТЕКСЕРІЛДІ

«AMANAT» партиясының Қосшы қалалық филиалы атқарушы хатшысы Р.Сейдахметов қалалық білім бөлімі қызметкерлерінен құрылған арнайы топпен бірге бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақпен қамту бойынша қаладағы мектеп-гимназияның, ІТ мектеп-лицейінің, №1,2,3,4 және Тайтөбе ауылындағы жалпы білім беру мектептерінің асханасына мониторинг жүргізді.

Мониторинг барысында тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі сертификатымен салыстырылып қаралды. Сондай-ақ ас-судың дайындалу технологиясы, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығы, қоймадағы азық-түлік пен ас мәзірінің үлгілік сәйкестігі, бейнебақылау камералары, мектептердің аумағында қоршаулардың сапасы, баспалдақтағы қоршаулардың болуы және дәретханалардың жұмыс істеуі тексерілді.

Сондай-ақ саяси ұйымның өкілдері жергілікті партия мүшелерінің өткен жылы атқарған жұмыстарын талдап, маңызды жобалар мен заңнамалық бастамаларды атап өтті.

Сонымен қатар, А.Әлімбетова «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында өткен жылы қолданысқа берілген №4 жалпы білім беретін мектепте және «ALAN» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде болып, жұмыстарының барысымен танысты.

Р.Сейдахметов, Қосшы қалалық
филиалы атқарушы хатшысыЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ
БІЛІМ САЛАСЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі заманда жасанды интеллект (ЖИ) технологиясы білім беру саласына үлкен ықпалын тигізуде. Ол білім беру процестерін тиімдірек, қолжетімді және икемді етіп өзгертуде маңызды рөл атқарады. ЖИ-дің білім саласына әсері бірнеше бағытта байқалады.

1. Жеке оқу траекториясын қалыптастыру
ЖИ технологиялары әр оқушының білім деңгейіне, қабілеттеріне және қажеттіліктеріне сәйкес жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Мысалы, адаптивті оқыту жүйелері оқушылардың білімін саралап, әлсіз тұстарын анықтап, қажетті материалдарды ұсынып отырады. Бұл тәсіл әр оқушының оқудағы жетістігін арттыруға көмектеседі.

2. Білім беру ресурстарына қолжетімділікті арттыру
ЖИ технологиялары білім беру ресурстарын қолжетімді ету арқылы оқушылар мен мұғалімдердің уақытын үнемдейді. Онлайн курстар, интерактивті платформалар, виртуалды көмекшілер және басқа да құралдар арқылы әлемнің кез келген нүктесіндегі оқушылар сапалы білім ала алады.

3. Оқытуды автоматтандыру және тиімділікті арттыру
ЖИ көмегімен көптеген жиі қайталанатын процестер автоматтандырылды. Мысалы, тест

жұмыстарын тексеру, студенттердің үлгерімін бағалау және деректерді талдау жүйелері мұғалімдердің уақытын үнемдеп, олардың оқыту сапасына көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

4. Инклюзивті білім беруді дамыту
ЖИ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін де қолайлы жағдай жасайды. Мысалы, көру қабілеті нашар адамдарға арналған мәтінді дыбыстау жүйелері немесе есту қабілеті шектеулі оқушылар үшін субтитрлер мен жест тіліне аударма технологиялары.

5. Шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерді дамыту
ЖИ оқушылардың аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар оқушыларға күрделі тәжірибелерді қауіпсіз жағдайда жасауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект білім беру саласында жаңа мүмкіндіктер ашып, оқу процесін жаңа деңгейге көтеруде. Дегенмен, ЖИ технологи-



яларын енгізу кезінде мұғалімдер мен оқушылардың рөлін ескеріп, олардың құндылықтарын сақтап қалу маңызды. Сондай-ақ, білім берудегі этикалық және әлеуметтік мәселелерді назардан тыс қалдырмау қажет. ЖИ технологиялары дұрыс пайдаланылған жағдайда, ол білім саласын одан әрі жетілдіре түседі.

Баян НАҒАШЫБАЙ,
Қосшы қаласы «Бонус» шығармашылық
бастамалар орталығының оқушысы

 Jana Bastau Меншік иесі – «Bastau Media» ЖШС Директор – Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ	Бас редактор Дәулет АСАУ Бас редактордың орынбасары Гүлназ БИСЕН веб-редактор Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА ЖУРНАЛИСТЕР: Жанар АХМЕТОВА, Асылжан КҮНТУҒАН	ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ: Дизайнер-беттеуші Ербол ҚАНАТҰЛЫ Корректор Майгүл ХАРИҒАЗЫ Нөмердің кезекшісі Асылжан КҮНТУҒАН • Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77 • Тапсырыс №10200, таралымы 1 500 Бағасы келісім бойынша	• Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. • Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. • Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді. • Редакциямен келіспей қайта басуға тыйым салынады. • Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген. • Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578	 Редакция мекенжайы: Қосшы қаласы, Республика даңғылы, 46 Байланыс телефоны: тел.: +7 (701) 709-88-82 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. janabastau2022@gmail.com www.janabastau.kz
---	--	---	--	---